

Пресс релиз

2024 жылғы 18 сәуірде «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ, «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкес №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған «Экологиялық идеялар панорамасы» тақырыбы бойынша семинар өтті.

Кіріспе сөзінде №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Ж.Уркимбаева мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы табиғат әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру мәселелерін талқылады.

"Әдістемелік кабинет" КММ бөлім меңгерушісі Миндалина Г.У және семинар қонағы эоактивист, «Ақтөбе, дем ал!» волонтерлік қозғалысының ұйымдастырушысы Е.Лазарчук жалғастырды.

«Асылтас» ересек тобы ата-аналармен бірлесіп «Добрые дела» тақырыбында фотовернисаж ұйымдастырып, балалардың табиғатқа деген көзқарасын дамыту көзделді. Ал, «Айнайын» ортаңғы тобы «Эколята-дошколята» дидактикалық ойындар өткізуде айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін оятты. «Қызғалдақ» мектепалды тобында «Берегите воду» тақырыбында «Аналар мектебі» өз жұмысын көрсетті және «Балапан» кіші тобы көктемгі дәрумендер тапшылығының көрінісін көрсетіп, театрлық ойындар ойнап, балалардың ұғымдары кеңейтілді. «Жұлдыз» ортаңғы тобында «ECOLOGY EXPO-2024» ата-аналармен бірлескен шығармашылық жобалар қорғады. Жоба мақсаты - қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәртіптілік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуға негізделді. «Балдәурен» ересек тобы «Алма» тақырыбында экологиялық ертегі - қойылым көрсетті. Сонымен бірге, «Бәйтерек» мектепалды тобы «22 сәуір – Жер Күні» интеллектуалдық ойындар ойнай отырып, өлі және тірі табиғатпен таныстыру, ол туралы өз ой – пікірін айтуға үйрету көзделді.

«Ақбота» кіші тобы жасыл дәріханаға серуен жасай отырып, балалармен ұйымдастырылған интеграциялынған іс-әрекеттерін ұсынды. «Күншуақ» ортаңғы тобы экологиялық белгілер бойынша саяхат жасады. Соңында, «Бұлақ» ересек тобы «Ағаш ек, гүл ек – туған жерді түлет!» деп, тәрбиеленушілермен бірлесіп семинар қонақтары, эоактивист Е.Лазарчук және Миндалина Г.У. өз қолымен ойын алаңына түрлі ағаш, гүл отырғызды.

Семинар соңында қорытындылау мақсатында қатысушылар семинардан алған әсерлерімен бөлісіп, өз бағалауларын беріп, ризашылықтарын білдірді.